

"М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және байланыс академиясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 363 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 114-бабына, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және байланыс академиясы» акционерлік қоғамының 35 % (отыз бес пайыз) мөлшеріндегі мемлекеттік акциялар пакеті «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - қор) орналастырылатын акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті қормен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
Қ а з а қ с т а н	<i>К.Мәсімов</i>
Ү к і м е т і н і ң	Р е с п у б л и к а с ы
2 0 1 5	ж ы л ғ ы 2 7
№	с ә у і р д е г і
3 6 3	қ а у л ы с ы м е н
бекітілген	

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

«Алматы қаласы» деген бөлімде реттік нөмірі 123-45-жол алып тасталсын.

2. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен

мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында: иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» деген бөлімде реттік нөмірі 222-10-жол алып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.